

Ә.Құдабаев атындағы №197қазақ орта мектебі

Күзгі демалыс кезінде 4-5 сынып оқушылар арасында Шахматтан өткізілген жарыстың  
Анықтамасы

Күзгі демалыс кезінде 4-5 сынып оқушылар арасында 01.11.2024ж Шахматтан жарыс өткізілді.

**Мақсаты:**

Дарынды жас шахматшыны анықтау

Салауатты өмір салтын ұстануға баулу.

Оқушылар арасында достыққа, жолдастыққа, силастыққа тәрбиелеу

Жарысқа 4-5 сынып оқушылар арасында таңдаулы үздік деген оқушылар қатыстырылды.

Бас төреші: Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Тусмағанбетова Н

Жарысты ҚР Мемлекеттік гимні орындаумен басталды.

Ойыншылар жере бойынша қарсыластарын анықтады.

Қаршыға Нұрхан 5а сынып оқушысы 1- орын

Жеңісулы Қасиет 4ә сынып оқушысы 2- орын

Аманбек Ализан 5б сынып оқушысы 3- орын иеленді. Басқада оқушылар номинатция бойынша мақтау қағаздармен марапатталады.

Тәрбие ісі -жөніндегі орынбасары Н.Жукашов оқушыларға мадақтау қағаздарын табыстады.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері,Бастауыш сынып мұғалімдері көрермен ретінде жарысты бастан-аяқ көріп тамашалады. Жарыс қызықты өз деңгейінде өтті.



Жарысты ұйымдастырып өткізген:

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Тусмағанбетова Н

## САБАҚҚА АНЫҚТАМА

2024-2025 оқу жылындағы үйірмедегі атқарған жұмыстар

Тақырыбы: Сұйық қамырды дайындау технологиясы. Вафли

Сыныбы/Топ: 7 сынып (Технология / аспаздық бағыттағы үйірме сабағы)

**Сабақтың мақсаты:** Оқушыларды вафли пісірудің қарапайым тәсілдерімен таныстыру, азық-түлік өнімдерін дұрыс таңдау мен мөлшерлеуді үйрету, ас үйдегі қауіпсіздік ережелерін сақтау, аспаздыққа қызығушылығын арттыру.

### Міндеттері:

- Вафли дайындауға қажетті азық-түлік пен құрал-жабдықтарды таныстыру;
- Вафли пісірудің кезеңдерін меңгерту (қамыр дайындау, пісіру, сәндеу);
- Гигиена және қауіпсіздік ережелерін сақтау;
- Оқушылардың аспаздыққа деген шығармашылық қабілетін дамыту.

### Қажетті құрал-жабдықтар:

- Электр вафельница
- Ыдыс-аяқ (ыдыс, қасық, шайқауыш, шпатель)
- Ингредиенттер: жұмыртқа, қант, сүт, ұн, май, тұз, ванилин т.б.

### Бағалау критерийлері:

- Қауіпсіздік ережесін сақтау
- Қамырды дұрыс дайындау
- Пісіру техникасын меңгеру
- Вафлидің дәмі мен көрінісі

### Күтілетін нәтиже:

Оқушылар вафли дайындаудың қарапайым әдісін меңгереді, өз бетімен пісіріп, өз әсемдеп ұсына алады. Аспаздыққа деген ынтасы мен дағдылары қалыптасалды.

Ескерту: Сабақ соңында барлық оқушылар ыдыс-аяқты жинап, жұмыс орнын тазалайды.





## Анықтама

2025 жылдың 11 қыркүйек күні Қызылорда қаласы №197 Ә.Құдабаев атындағы қазақ орта мектебінде 6-7 сынып оқушылары арасында бес асық ойынынан үйірме өткізілді.

### Мақсаты:

- Ұлттық ойын арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамыту
- Оқушылардың ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыру
  - Қимыл-қозғалыс арқылы денсаулықты нығайту
- Бір-біріне құрметпен қарауға, достық пен ынтымаққа тәрбиелеу
- Оқушыларды достыққа, жолдастыққа, сыйластыққа тәрбиелеу

Бас төреші: дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Тәжиева А.

Ойыншылар жеребе арқылы қарсыластарын анықтап, ойын кезең-кезеңімен өтті.

Үйірмені ұйымдастырып өткізген:

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Тәжиева А.





2024-2025 оқу жылы



**2024-2025 оқу жылының 6-сынып қыз балаларына арналған  
«Шебер қолдар» ақысыз үйірмесінің жұмысына**



**АНЫҚТАМА**

2024-2025 оқу жылына 6-7 сынып қыз балаларына арналған «Шебер қолдар» ақысыз үйірмесінің жоспары жасалыр, бекітілді. Мақсаты: оқушыларды ұлттық құндылықтарды насихаттау, бос уақытын тиімді пайдалануға, шеберлікке баулу. Жоспар бойынша оқушылар жұмыс жасады. Үйірмеге 15 оқушы қатысып, өз шығармашылығын көрсетті. Балалар заманауи киіз деп саналатын фетр матасынан ұлттық болмысымызды айшықтайтын этношеңберлер жасады. Жұмыстың барлық кезеңінде ҚТЕ сақталды. Оқушылар жұмыс барысында өзара ынтымақтастық, сыйластық орната отырып, ұйымшылдықпен жұмыс жасады.

Үйірме оқушылары көркем еңбек апталығының ашылу салтанатында безендіру жұмыстарына да көмектесіп, өз жұмыстарынан шығармашылық көрме ұйымдастырды. Ерекше жұмыстарымен көзге түскен оқушылар арнайы алғыс хаттармен марапатталды.







## САБАҚҚА АНЫҚТАМА

2024-2025 оқу жылындағы үйірмедегі атқарған жұмыстар

Тақырыбы: Құрастыру және шегелеу

06.02.2025жылы Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде «Ағаш өңдеу» үйірмесінде : «Тегістеу және жону жұмыстарымен танысу»

тақырыбында 6 сыныптар арасында сабақ өткізілді

Сыныбы:Топ: 6 сынып (көркем еңбек үйірмесі)

**Сабақтың мақсаты:** Оқушыларды ағашпен жұмыс істеуге арналған негізгі құралдар мен материалдармен таныстыру.

- Әр түрлі ағаш бұйымдарын жасау арқылы шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту.
- Оқушыларда табиғи материалдарды құрметтеу, экологиялық сананы қалыптастыруға ықпал ету.

### Міндеттері:

Ағаш өңдеуге арналған құралдар мен жабдықтармен танысу.

Қол станоктарында жұмыс істеу: токарлық және тегістеу станоктарын игеру.

Ойыншықтар, жақтаулар және т.б. әртүрлі ағаш бұйымдарын жасауға арналған практикалық сабақтар.

Ағаш өңдеу әдістері мен тәсілдерін талқылау қатысушылар арасында шығармашылық идеялар мен тәжірибе алмасу.

### Қажетті құрал-жабдықтар:

#### 1. Қажетті құрал-жабдықтар:

- Жонылған ағаштар;
- Түрлі ойғыш құралдар;
- Қашау,ағаш балға,сызғыш,қалам , қайшы
- Сызба-үлгілер (қағазға салынған өрнектер)
- Қарапайым үлгі схемасы

#### 2.Бағалау критерийлері:

- Құралдарды дұрыс пайдалану
- Қауіпсіздік ережесін сақтау
- Ағамтарды дұрыс ою
- Тапсырманы уақытында орындау
- Жұмыс орнын таза ұстау

Күтілетін нәтиже: Аралау, тегістеу, желімдеу және әрлеу сияқты ағаш өңдеудегі негізгі дағдыларды меңгереді.

• Шығармашылықты, қолөнер қабілеттерін дамытады.

• Бұйымдарды жасау шеберлігі мен сапасын арттыру.

• Табиғи материалдарды құрметтеуге үйрету және олардың құндылығын түсіну.